

**«Ақтөбе обласының энергетика және тұрғын- үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы» ММ  
2018-2020 жылдарға бюджеттік шығыстарға  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

**Қаражаттарды шығыстаудың негізгі бағыттары**

«Ақтөбе обласының энергетика және тұрғын- үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы» ММ облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме болып табылады. Басқарманың негізгі қызметтері:

- бюджеттік қаражаттар есебінен қаржыландырылатын облыстың энергетика және коммуналдық шаруашылығы объектілерін (инженерлік коммуникациялық желілер, энергетика, су, газ шаруашылығы объектілері) салу және жаңғырту бойынша тапсырысшы қызметін жүзеге асыру;

- отын-энергетикалық кешенін дамытуға қатысу;

2018 жылғы бюджет жобасы Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы» бұйрығының негізінде және мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде: 2015 - 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму бағдарламасы, «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы» және «Ақтөбе облысының аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған» бағдарламасы шеңберінде жасалды.

«Ақтөбе обласының энергетика және тұрғын- үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы» ММ шығындарына жалпы сомасы **7 334 081,0** мың теңге қарастырылған, оның ішінде:

2018 жылы – 3 550 931,0 мың теңге;

2019 жылы – 2 817 228,0 мың теңге;

2020 жылы – 965 922,0 мың теңге.

**2018 жылға жалпы сома 3 550 931,0 мың теңгені құрайды**

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының қызметі 7 бюджеттік бағдарламалар бойынша, оның ішінде 2 ағымдағы бюджеттік бағдарламалары мен 4 даму бюджеттік бағдарламалары, сондай-ақ бюджеттік субсидиялар бойынша, газ тасымалдау жүйесін, сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау, сондай-ақ электрмен жабдықтау жүйесін дамытуға бағытталады.

Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығының ағымдағы жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер, бұл тұрғындардың су және энергия ресурстарына қолжетімділігі, коммуналдық желілердің тозуы, өндірілу және тұтыну теңгерімі болып табылады. Жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында келесі бюджеттік бағдарламалар бойынша 2018 жылға қаржы бөлу қажет:

## **Бюджеттік бағдарламалардың қысқаша мінездемесі және сипаттамасы**

**279 001 000 «Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру» бағдарламасы бойынша 2018 жылға 63 439,0 мың теңге қаражат қарастырылған.**

**111 ерекшелік бойынша** - 34 779,0 мың теңге, еңбекақыны есептеу Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 07 наурыздағы №523 «[Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы](#), 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Жарлықтарына сәйкес қызметкерлердің өтілі мен базалық лауазымдық алақысының өзгерісін ескеретін қолда бар штаттық кесте бойынша жасалған. Мемлекеттік қызметкерлердің штат бойынша жалпы саны 23 бірлік және 7 штаттан тыс қызметкер.

**113 ерекшелік бойынша** 5 797,0 мың теңге өтемақы төлемдерінің есебі.

**121 ерекшелік бойынша** 1 878,0 мың теңге әлеуметтік салықты есептеу кезінде ҚР 2008 жылғы 10 желтоқсан №121 «[Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы](#)» Кодексі басшылыққа алынды.

**122 ерекшелік бойынша** 1565,0 мың теңге Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына ҚР Үкіметінің «Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару Ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес салық салынатын еңбекақы қорынан 5% көлеміндегі әлеуметтік аударымдар.

**123 ерекшелік бойынша** 14,0 мың теңге Skoda Octavia A5 автокөлігін міндетті сақтандыру үшін төлемдер.

**124 ерекшелік бойынша** 522,0 мың теңге міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру төлемдері.

**131 ерекшелік бойынша** 3024,0 мың теңге 7 штаттан тыс қызметкерлерге еңбекақы төлеу ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №1400 «[Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы](#)» қаулысына сәйкес және қолда бар штаттық кесте бойынша есептелген.

**135 ерекшелік бойынша** 344,0 мың теңге штаттан тыс қызметкерлердің әлеуметтік салығы мен әлеуметтік аударымдарын есептеу кезінде ҚР «[Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы](#)» Кодексі және Қазақстан республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы №683 «[Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережесін бекіту туралы](#)» қаулысы басшылыққа алынды.

**136 ерекшелік бойынша** «Техникалық қызметкерлердің ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жол жүрулері» ерекшелік бойынша 108,0 мың теңге іссапар шығындарын есептеу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 «[Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы](#)» қаулысы басшылыққа алынды.

**144 ерекшелік бойынша** «Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 «[Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы](#)» қаулысына сәйкес 288,0 мың теңге есептелді, 1 жылда 3 500 литр жанар-жағар май, айына 210 литр газ, мотор майының шығыны 1 жылға 93 литр құрайды.

**149 ерекшелік бойынша** «Өзге де қорларды сатып алу» ерекшелік бойынша жалпы сомасы 2 352,0 мың теңге шығыстар қарастырылған. Соның ішінде, факсқа арналған қағаз (100 дана) – 466,0 мың теңге және А-4 қағазына (600 дана) 630,0 мың теңге, картридждер (100 дана) үшін 460,0 мың теңге, тонер (12 дана – 414,0 мың теңге), кеңсе тауарларына 531,0 мың теңге және Skoda Octavia A5 автокөлігіне қосалқы бөлшектер үшін 263,0 мың теңге. 2017 жылға шығыс 7% индексін ескере отырып есептелді.

**152 ерекшелік бойынша** «Байланыс қызметтеріне ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 1 580,0 мың теңге, оның ішінде пошта-телеграф қызметтеріне - 210,0 мың теңге, байланыс қызметтеріне (ғаламтор және абоненттік төлем) 1 370,0 мың теңге. 2017 жылға шығыс 7% индексін ескере отырып есептелді.

**154 ерекшелік бойынша** «Транспорттық қызметтер төлемдері» ерекшелігі бойынша автокөлікті жалға алу төлемі тариф бойынша 2 160,0 мың теңге.

**159 ерекшелік бойынша** «Өзге де қызметтер мен жұмыстар» ерекшелігі бойынша 4 226,0 мың теңге. Электрондық құжатайналымы жүйесі 1052,0 мың теңге; Семинарларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысу 431,0 мың теңге (10 адам), «Заң» деректер базасына қызмет көрсету 160,0 мың теңге (жыл бойына), К2 деректер базасына қолдау көрсету 415,0 мың теңге (жыл бойына), негізгі құралдар мен компьютерлерді жөндеу және күтіп ұстау (30 компьютер және 3 ноутбук) 236,0 мың теңге компьютерлік техниканы басқаруда кеңес беру және қолдау 236,0 мың теңге, «Қол қоюға» папкілерін дайындау 33,0 мың теңге, «Парус» қолдау 677,0 мың теңге; автокөлікті техникалық жабдықтау қызметіне 370,0 мың теңге, антивирустық бағдарламаны орнату – 235,0 мың теңге, картридждерді қайта толтыру – 236,0 мың теңге, банктік қызметі 145,0 мың теңге.

**161 ерекшелік бойынша** «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелігі бойынша 4 276,0 мың теңге. Іссапар шығындарын есептеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі

№1428 [«Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы»](#) қаулысы басшылыққа алынды.

**279 004 000 «Елді мекендерді газдандыру» бағдарламасы бойынша 2018 жылға 561 596,0 мың теңге қаражат қарастырылған.**

Газ құбырларының жалпы ұзындығы 6 160 шақырымды құрайды. Ақтөбе облысының 375 елді мекенінен 111 (облыстың жалпы елді мекендер санының 29,6%-ы) газдандырылған немесе 730 173 адам (облыстың халық санының 87%-ы) табиғи газбен қамтамасыз етілген. Облыстың барлық аудан орталықтары газдандырылған.

**431 ерекшелік** «Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау» бойынша:

**Тікелей нәтижесі** болып табылады:

- Әйтеке би ауданы Аралтөбе ауылында ауылішілік газ құбырын салу жобасы бойынша 120 693,0 мың теңге. Жобаның іске асырылуы (807 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жоба ауыспалы, 2017 жылғы облыстық бюджетті нақтылау кезінде үнемделген қаражат есебінен қайта бөлу кезінде жобаның басталуына 2,7 млн. теңге бөлінді. Қазіргі таңда жоба бойынша мердігер анықталып, ҚМЖ жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты жобаны аяқтау үшін 120,7 млн. теңге қаражат қажет;

- «Алға ауданының Көлтабан ауылына және Ақай (Ильинка) ауылына жеткізуші газ құбырын салу» - 349 658,0 мың теңге құрайды. *Жобаның іске асырылуы (920 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- «Қобда ауданы Калиновка ауылына ауылішілік газ құбырын салу» жобасының басталуына 5 000,0 мың теңге қаражат қажет. *Жобаның іске асырылуы (1300 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- «Әйтеке би ауданы Жарөткел ауылында ауылішілік газ құбырын салу» жобасының басталуына 5 000,0 мың теңге қаражат қажет. *Жобаның іске асырылуы (235 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- «Әйтеке би ауданы Ақкөл ауылында ауылішілік газ құбырын салу» жобасының басталуына 5 000,0 мың теңге қаражат қажет. *Жобаның іске асырылуы (730 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- «Қобда ауданы Бегалы ауылында ауылішілік газ құбырын салу» жобасының басталуына 5 000,0 мың теңге қаражат қажет. *Жобаның іске асырылуы (294 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- «Қобда ауданы Егіндібұлақ ауылында ауылішілік газ құбырын салу» жобасының басталуына 5 000,0 мың теңге қаражат қажет. *Жобаның іске*

асырылуы (365 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;

- «Ақтөбе облысы Қобда ауданы Білтабанов ауылына ауылішілік газ құбырын салу» жобасының басталуына 5 000,0 мың теңге қаражат қажет. Жобаның іске асырылуы (1303 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;

- «Ақтөбе облысы Әйтекеби ауданының Жамбыл ауылына ауылішілік газ құбырын салу» жобасының басталуына 5 000,0 мың теңге қаражат қажет. Жобаның іске асырылуы (870 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;

**Сондай-ақ, төмендегі жобаларды республикалық бюджет есебінен жүзеге асыру жоспарланып отыр, ҚР Бюджеттік Кодексінің 46 бабына сәйкес, жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттері бюджеттік инвестицияларды төмен тұрған жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру шартымен бөлінеді.**

- «Мұғалжар ауданы Басшілі ауылындағы ауылішілік газ құбырының құрылысы» жобасына 9 617,0 мың теңге. Жобаның іске асырылуы (874 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;

- «Байғанин ауданы Жанатан ауылындағы ауылішілік газ құбырының құрылысы» жобасына 2 908,0 мың теңге. Жобаның іске асырылуы (522 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;

- «Байғанин ауданы Бұлықтыкөл ауылындағы ауылішілік газ құбырының құрылысы» жобасына 3 010,0 мың теңге. Жобаның іске асырылуы (519 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;

- Мұғалжар аудандарында ауылішілік газ құбырының құрылысы жобасына ЖСҚ және МС әзірлеуге (2 жоба) – 26 580,0 мың теңге.

- Ақтөбе қаласы, Мұғалжар және Шалқар аудандарында 4 жоба бойынша құқық белгілейтін құжаттарды дайындауға -19 977,0 мың теңге.

**Жаңа газ құбыры желілерін салу Ақтөбе облысы халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға және тұрақты газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.**

Түпкілікті нәтижесі халық саны 3 600 адамды құрайтын 5 елді мекенді арзан табиғи газбен қамтамасыз ету және бірқатар әлеуметтік нысандарды жақсарту, сондай-ақ газбен жабдықтауға қол жетімділік көрсеткіші 1,3%-ға жеткізу.

**279 030 015 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері» Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 865 421,0 мың теңге қаражат қарастырылған.**

Облыстық су құбыры желісінің ұзындығы 3 537,5 шақырымды құрайды.

Ақтөбе облысында барлығы 375 елдімекен бар, оның ішінде барлық қалалық елдімекендер және 164 ауылдық елдімекендер орталықтандырылған сумен қамтылған, 200 АЕМ орталықтандырылған сумен жабдықтауды, 3 АЕМ тасып әкелінетін суды (Байғанин ауданы Қазақстан және Ырғыз ауданы Нұра, Мамыр ауылдары) пайдаланады.

Сонымен, қалалық елдімекендерде орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділік көрсеткіші **100%** құрайды, ауылдық елдімекендерде – **44,7%**.

**441 ерекшелік бойынша** «Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлерін дамытуға арналған нысаналы трансферттер» 865 421,0 мың теңге қаражат қарастырылған.

- Ырғыз ауданы Белшер ауылында 54 084,0 мың теңге құрайтын су құбыры желілерінің құрылысын аяқтау жоспарлануда. 2017 жылғы ауыспалы жоба, 2017 жылы осы жобаға облыстық бюджеттен 81 500,0 мың теңге қаржы бөлініп, толығымен игерілді. Су құбырының жалпы ұзындығы 29,5 шақырымды құрайды. Жобаның іске асырылуы (230 адам) халықты орталықтандырылған сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

- Сондай-ақ, сумен жабдықтаудың 7 жобасы бойынша (РБК-мен алдын ала мақұлданған) жергілікті бюджеттен 20% - ы мөлшерінде (.Темір ауданы Құмқұдық ауылы, Мұғалжар ауданы Қаракөл ауылы, Қарғалы ауданы Қос-Естек ауылы, Байғанин ауданы Оймауыт ауылы, Алға ауданы Қаракұдық ауылы, Әйтеке би ауданы Талдысай ауылы, Хромтау ауданының Табантал ауылдарында су құбыры желілерін салу және қайта құру) 2018 жылға жалпы сомасы 588 637,0 мың теңгеге қоса қаржыландыру көзделген. Су құбырларының жалпы ұзындығы 148,6 шақырымды құрайды.

- Сонымен қатар, РБК-мен қолдау таппаған сумен жабдықтаудың жаңа 2 жобасы 2018 жылға қарастырылған, алайда 2019 жылға республикалық бюджеттен «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы» шеңберінде қаржыландыру көзделген. Осыған байланысты жобаларды 2018 жылы жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттен бірлесіп қаржыландыру арқылы жобалардың жалпы құнынан 20% мөлшерде 119 451,0 мың теңге (Ойыл ауданы Құмжарған ауылы, Ш.Берсиев а/о Ақжар және Қайыңды ауылы) қаражат қажет. Су құбырларының жалпы ұзындығы 20,2 шақырымды құрайды.

- Шалқар ауданы Қайдауыл, Ақтан батыр, Мөңке би, М.Шиманұлы ауылы, Қауылжыр, Көпмола, Жылан, 1030 км, рзд. Кең дала станциялары, Әйтеке би ауданы Толыбай ауылы, Алға ауданы Тоқмансай ауылында су құбыры құрылысы және қайта жаңарту жұмыстарын жүргізуге ЖСҚ дайындауға және мемлекеттік сараптамадан өткізуге - 149 734,0 мың теңге.

**Тікелей нәтиже** халық саны шамамен 11 мың адамды құрайтын 9 АЕМ-ді сапалы және үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету.

**Түпкілікті нәтижесі**, тұрғындардың орталықтандырылған суға қол жетімділігі 1,6% - ға өсуі болып табылады.

**279 032 000 «Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау» бағдарламасы бойынша 2018 жылға 83 162,0 мың теңге қарастырылған.**

**311 ерекшелік бойынша** «Жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа (фермерлік) қожалықтарына берілетін субсидиялар», **Коммуналдық және мемлекеттік мекемелерді субсидиялау 83 162,0 мың теңге құрайды.**

Коммуналдық қызметтер бойынша шығындарды үнемдеу үшін тұрғындарды мемлекеттік қолдау мақсатында су беру құнын субсидиялау түрінде компенсациялау механизмі пайдаланылады.

2018 жылы сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерден ауыз су беру қызметі құнын субсидиялауға **83,1 мың теңге** қаражат қарастырылған оның ішінде: Әйтеке би ауданы -23,4 млн. теңге, Байғанин ауданы – 14,9 млн. теңге, Ырғыз ауданы – 8,8 млн. теңге, Мәртөк ауданы – 15,9 млн. теңге, шалқар ауданы, Шалқар – 20,1 млн. теңге.

*Шығындарды толық немесе ішінара өтеу (қызметтердің құнын арзандатуға) ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерден ауыз су беру қызметін көрсететін су берушілерге, су ресурстарын коммерциялық мүддеде пайдаланушыларды қоспағанда, өз мұқтажын қанағаттандыратын пайдаланушыларға жұмсалатын болады.*

**Тікелей нәтиже көрсеткіштері:** су берушілер саны – 5 аудан, ауылдық елді мекендердің саны – 20, сумен қамтамасыз етілетін халықтың орташа жылдық қамтуы – 38,8 мың адам.

**Түпкілікті нәтижесі** - Байғанин, Мәртөк, Әйтеке би, Шалқар, Ырғыз аудандарының халқын таза ауыз сумен қамтамасыз ету болып табылады.

**279 071 015 «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бағдарламасы бойынша Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2018 жылға 1 003 972,0 мың теңге қарастырылған.**

**431 ерекшелік бойынша** «Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау» 1 003 972,0 мың теңгені құрайды.

- Әйтеке би ауданы Аралтөбе ауылына жеткізуші газ құбырын салу жобасының аяқталуына 80 947,0 мың теңге. *Жоба ауыспалы, 2017 жылы жобаның басталуына 185 180,0 мың теңге бөлінді. Жобаның іске асырылуы (807 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.*

Сондай-ақ, төмендегі жобалар 2015 жылы әзірленген, 3 жыл өткен соң жобалар ескірген болып есептеліп, жобаны жаңадан әзірлеу қажет. Бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында, жобаларды іске асыруды 2018 жылы бастау қажет:



- Әйтеке би ауданы Ақкөл ауылына жеткізуші газ құбырын салу жобасына 150 000,0 мың теңге. *Жобаның іске асырылуы (730 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- Ойыл ауданы Бестамақ ауылына жеткізуші газ құбырын салу жобасына 150 000,0 мың теңге. *Жобаның іске асырылуы (218 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- Темір ауданы Тасқопа ауылына жеткізуші газ құбырын салу жобасына 200 000,0 мың теңге. *Жобаның іске асырылуы (930 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- Әйтекеби ауданы Жамбыл ауылына жеткізуші газ құбырын салу жобасына 5 000,0 мың теңге. *Жобаның іске асырылуы (870 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- Байғанин ауданы Жарлы ауылына жеткізуші газ құбырын салу жобасына 200 000,0 мың теңге. *Жобаның іске асырылуы (2081 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- Мұғалжар ауданы Басшілі ауылына жеткізуші газ құбырын салу жобасына 18 866,0 мың теңге. *Жобаның іске асырылуы (870 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- Хромтау ауданы Жазық ауылына жеткізуші газ құбырын салу жобасына 12 539,0 мың теңге. *Жобаның іске асырылуы (300 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- Ырғыз ауданының Жаныс би ауылында АГТС және кент ішіндегі газ құбырын орнатып газ құбырын-бұру салу жобасына 35 109,0 мың теңге. *Жобаның іске асырылуы (651 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- Байғанин ауданының Жаңатаң-Бұлақтыкөл-Кемерші ауылдарына жеткізуші газ құбырын салу жобасына 70 558,0 мың теңге. *Жобаның іске асырылуы (2150 адам) халықты арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа жоба;*

- Мұғалжар ауданы Қаракөл ауылында жеткізуші газ құбырын салу жобасы бойынша ЖСҚ және МС әзірлеуді 2017 жылы аяқтау үшін – 5 039,0 мың теңге қаражат қажет.

- Байғанин және Қарғалы аудандарында жеткізуші газ құбырын салу жобасы бойынша ЖСҚ дайындауға және мемлекеттік сараптамадан өткізуге – 80 953,5 мың теңге қаражат қажет.

**Газ құбырларының жаңа желілерін салу Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға және тұрақты газбен жабдықтауға мүмкіндік береді.**

Түпкілікті нәтижесі елді мекендерге табиғи газды жүргізу сондай-ақ, газбен жабдықтау қол жеткізу көрсеткіштердің 1,3% - ға жақсарту болып табылады.

**279 113 000 «Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысалы трансферттер» бағдарламасы бойынша 2018 жылға 48 467,0 мың теңге**



**қарастырылған.** Бюджеттік өтінімге сәйкес, Хромтау ауданы Тамды ауылындағы газ құбырын күрделі жөндеуді аяқтау.

**339 ерекшелік бойынша** «Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы трансферттер» **48 467,0 мың теңге**, жиынтық смета есебі негізінде жасалған.

**Тікелей нәтиже** - Хромтау ауданы Тамды ауылында ұзындығы 9 715 м. болатын газ құбырының күрделі жөндеу - 48 467,0 мың теңге;

*2017 жылы облыстық бюджеттен 50 000,0 мың теңгеге жөндеу жұмыстары басталды. Жобаның келісімшарт бойынша құны 98 467,0 мың теңге. Жөнделетін газ құбырының ұзындығы 9,7 шақырым. Газ құбыры қауіптілігі жоғары объектілердің біріне жатады. Қолданыстағы газ құбыры, 1960-шы жылдары пайдалануға беріліп, содан бері жөндеу жұмыстары жүргізілген емес.*

**Түпкілікті нәтижесі** газды беруді және пайдалануды қамтамасыз ету, қауіптілікті төмендету болып табылады.

**279 114 000 «Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері» бағдарламасы бойынша 2018 жылға 1 055 940,0 мың теңге қарастырылған.**

Ақтөбе қаласындағы «Нұр-Ақтөбе» шағын ауданының кәріз жүйесін салуға, жылу желілерінің қайта жаңартуға бағытталған трансферттер, сондай-ақ жылу және электр энергетикасының 3 жобасы бойынша бірлесіп қаржыландыру (РБК-мен алдын ала мақұлдаған).

**441 ерекшелік бойынша** «Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлерін дамытуға арналған нысаналы трансферттер» 1 055 940,0 мың теңге жиынтық смета есебі негізінде.

**Тікелей нәтижесі:**

-«Ақтөбе қаласындағы «Ақтөбе Сити» ықшам ауданына арналған Восточная 110/35/10 кВ электр жабдықтау алаңсырты жүйесінің құрылысы» жобасына 131 150,0 мың теңге;

-«Ақтөбе қаласы, «Ақжар-2» 220/110/35/10 кв ПС кеңейту» жобасына 40 930,0 мың теңге;

«Ақтөбе қаласы «Нұр-Ақтөбе» шағын ауданы аумағындағы қазандықты кеңейту» жобасына 155 773,0 мың теңге. *2017 жылы облыстық бюджеттен осы 3 жобаны бастауға және конкурстық рәсімдерді өткізуге 1 500,0 мың теңге бөлініп, игерілді, әр жобаға 500,0 мың теңгеден. Қазіргі таңда осы жобалар бойынша мердігерлер анықталып, ҚМЖ жүріп жатыр. Бүгінгі күні объектілерде ҚМЖ тоқтамай, мердігерлердің өз қаражаты есебінен жұмыс жасалуда. Ақтөбе қаласы аумағында «Нұрлы жер» бағдарламасының іске асыру басымдылығын ескере отырып жобалар шұғыл қаржыландыруды талап етеді. 2017-2018 жылдары тапсырылатын тұрғын үйлердің тұрғындарын қажетті қуаты бар жылу және электр энергиясымен қамтамасыз етеді.*

«Ақтөбе қаласының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық бөлімі» ММ балансындағы жылу желілерін қайта жаңғыртуға (4 жоба) – 143 451,0

мың теңге. Бұрын бұл жылу желілері иесіз болып, 2016 жылы «Ақтөбе қаласының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық бөлімі» ММ балансына қабылданды. 2017 жылы облыстық бюджеттен жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленді.

Тікелей нәтижесі: барлық ақаулы және тозған жылу желілерін жою, сондай-ақ апаттылықты төмендету.

Түпкілікті нәтижесі: Ақтөбе қаласының тұрғындарын үздіксіз және сапалы жылумен қамтамасыз ету болып табылады.

- Ақтөбе қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлерге жаңбыр және құйма суларын ағызып кету үшін кәріз желілерін салуға - 551 453,0 мың теңге.

- Ақтөбе қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлерге кәріз желілерін салуға барлығы 7 жоба қарастырылған. 2017 жылы облыстық бюджеттен жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленді.

**Түпкілікті нәтижесі: тұрғын үйлерді және әлеуметтік нысандар ескере отырып, Ақтөбе қаласындағы су бұру желілерін дер кезінде жабдықтауды жақсарту. Үздіксіз және апатсыз жұмысты қамтамасыз ету.**

- Ақтөбе қаласы 312 атқ. дивизиясында жылумен қамтамасыз ету №1 сорғыш стансасының құрылысы бойынша ЖСҚ дайындауға және мемлекеттік сараптамадан өткізуді ауяқтауға - 25 028,0 мың теңге;

Ақтөбе қаласы «Батыс» тұрғын алабында 110/10 кВ ПС 110кВ ЛЭП құрылысы бойынша ЖСҚ дайындауға және мемлекеттік сараптамадан өткізуге – 8 155,0 мың теңге;

**Қосымша бекітілген лимиттерден басқа жалпы сомасы 569 599,0 мың теңге қаражат қажет, оның ішінде:**

**279 004 000 «Елді мекендерді газдандыру» бағдарламасы бойынша 38 051,0 мың теңге, оның ішінде:**

Бюджеттік өтінімге сәйкес газбен жабдықтау жобалары бойынша ЖСҚ әзірлеуге және мемлекеттік сараптамадан өткізуге келесі жобалар бойынша:

- Ақтөбе облысы Алға ауданының Сарықобда ауылына жеткізуші және ауылышылық газ құбырын салуға - 19 025,3 мың теңге. *Алға ауданының Сарықобда ауылы Ақтөбе агломерациясының құрамына кіреді және даму әлеуеті орташа ауыл болып табылады. Жобаның іске асырылуы (370 адам) халықты, әлеуметтік нысандарды арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге, сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамытуға және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.*

- Ақтөбе облысы Алға ауданының Белогарка ауылына жеткізуші және ауылышылық газ құбырын салуға - 19 025,3 мың теңге. *Алға ауданының Сарықобда ауылы Ақтөбе агломерациясының құрамына кіреді және даму әлеуеті орташа ауыл болып табылады. Жобаның іске асырылуы (415 адам) халықты, әлеуметтік нысандарды арзан табиғи газбен қамтамасыз етуге,*

сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамытуға және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

**279 071 015 «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бағдарламасы бойынша 5 039,0 мың теңге.**

-Мұғалжар ауданы Қаракөл ауылына жеткізуші газ құбырын салу жобасы бойынша ЖСҚ әзірлеуге және мемлекеттік сараптамадан өткізуге. 2017 жылы ЖСҚ әзірлеуге және мемлекеттік сараптамадан өткізудің басталуына - 4 000,0 мың теңге бөлінді. Сондай-ақ, облыстық бюджетті нақтылау кезінде 2017 жылғы қараша айында ЖСҚ жұмыстарын жалғастыруға 15 601,0 мың теңгеге бюджеттік өтінім жолданды.

**279 113 000 «Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысалы трансферттер» бағдарламасы бойынша Ақтөбе қаласының көшелерін жарықтандыру және абаттандыруға 500 000,0 мың теңге.** Абаттандыру және көгалдандыру - қаланың муниципалдық шаруашылығының маңызды саласы болып табылады.

- Тротуар плиткалар және жиектастарды ағымдағы жөндеуге – 100 000,0 мың теңге. Қаланы көріктендіру мақсатында тротуар тақтайшаларын жөндеу жұмыстары жыл сайын жүргізіледі. Тротуар тақтайшаларын салу келесі көшелерде жоспарланып отыр – Батыс – 2, Құтқарушылардың сквері, Ғ. Жұбанова көшесі, ХҚК-ге қарсы саябақ, Берсиев, Герцен, Некрасов, Кереева, Прохоров, Бәйішев көшелері.

-Балалар алаңдарын орнатуға – 50 000,0 мың теңге. Абаттандыру халықтың өмір сүруін жайлы, ыңғайлы етеді. Ол көшелер мен үйлер, аулалар, ашық демалыс аймағын, өндірістік объектілер және тұрғын үйлер орналаспаған басқа да аумақтарды қамтиды. Абаттандыру шараларының бірі - балалар алаңдарын орнату болып табылады.

- Ақтөбе қаласының аумағын абаттандыруға – 350 000,0 мың теңге.

2018 жылға бірінші кезектегі міндеттердің бірі болып Ақтөбе қаласы бойынша абаттандыру элементтерін орнату табылады. Ақтөбе қаласының сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында, шағын сәулет нысандарын орнату жоспарлануда .

**279 114 000 «Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері» бағдарламасы бойынша Ақтөбе қаласының жобаларына ЖСҚ әзірлеуді және мемлекеттік сараптамадан өткізуді аяқтау жұмыстарына - 15 947,0 мың теңге.**

-Ақтөбе қаласындағы «Батыс-2» шағын ауданында қазандықты кеңейту жұмыстарына - 10 506,2 мың теңге. 2017 жылы облыстық бюджеттен 21 557,0 мың теңге бөлінді. Қаржыландыруды 2018 жылға жылжыту (жасалған ЖСҚ сомадан 10% құны). 2017 қаржыландыруды жылжытуға себеп болып, ТЭН әзірлеу құажеттілігі туындап, қазіргі таңда жобалау ұйымының өз қаражаты есебінен әзірленіп, сараптамадан өтуді қажет етеді.

**ЖСҚ әзірлеуге және мемлекеттік сараптамадан өткізуді аяқтау жұмыстарына:**

-Ақтөбе қаласындағы «Батыс-1» шағын аударында орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ететін магистралды желілерін салуға - 5 441,0 мың теңге. Тапсырыс берушінің тарапынан бастапқы деректердің болмауына байланысты (НС орналасуы мәселесі шешілмеген) қаржыландыруды шегеру. ЖСҚ әзірлеу және мемлекеттік сараптаманы аяқтау жұмыстарынан қалған қаражатты жұмыс көлеміне ЖСҚ әзірлеуді және мемлекеттік сараптамадан өткізуді аяқтауды 2018 жылға жылжыту жоспарланып отыр.